

6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау  
6B01507 – Химия - биология  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА  
ПІКІР

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті - заманауи ұлттық және қазіргі заманғы трендтерді ескере отырып, аймақтың білім беру жүйесі үшін жоғары білікті кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жетекші жоғары оқу орындарының бірі.

6B01507 Химия – биология білім беру бағдарламасының ерекшелігі:

1. Химия және биология пәндері бойынша білім беру процесін жүзеге асырудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін, жаңартылған білім беру бағдарламасын меңгерген жоғары білікті педагогикалық кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандырады.

2. ЖОО-ның оқу зертханалары базасында, ұжымдық пайдаланудағы ұлттық ғылыми зертханада білім алушылардың кәсіби және зерттеу құзыреттіліктерін дамытады.

3. Ақпараттық-инновациялық, IT- SMART-, STEM-технологияларды қолдана отырып, химия мен биология пәндерін тереңдетіп оқытады.

Білім беру бағдарламасы: білім беру бағдарламасының паспорты, құзыреттілік картасы, білім беру бағдарламасының мазмұны, 6B01507 Химия – биология білім беру бағдарламасы түлегінің моделі және модульдік анықтамалықтан тұрады.

Білім беру бағдарламасының паспортында білім беру бағдарламасының бірегейлігі, мақсаты, міндеттері, оқыту нәтижелері және кәсіби қызмет объектісі қарастырылса, құзыреттілік картасында негізгі құзыреттіліктер берілген.

Білім беру бағдарламасының мазмұнында модуль атауы және коды пән атауы оқыту көлемі, кредит саны, бақылау түрі, қалыптасатын құзыреттіліктері анықталған.

6B01507 Химия - биология Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі: білім беру бағдарламасының мақсаты, негізгі міндеттері, негізгі басымдықтары мен шарттары, оқу үдерісін ұйымдастыру мен негізгі көрсеткіштері көрсетілген.

Модульдік анықтамалықта жалпы пәндердің міндетті модульдері, мазмұны, әдебиеттер тізімі және оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау толық берілген.

Білім беру саласында жоғары білімі бар мамандардың сапасына қойылатын заманауи талаптарға жауап беретін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін, пәндерді оқыту шеңберінде көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыру үшін оқытудың инновациялық технологияларын енгізу жолымен практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар жоғары білікті кадрларды даярлауда білім беру бағдарламасы дұрыс құрастырылған деп білемін.

Пікір білдіруші ШҚО Білім басқарамасы  
Өскемен қаласы бойынша Білім бөлімінің  
Ш.Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі  
КММ директоры



Газизова Қ.К.